

Қазақстан Республикасының астанасын көшіру жөніндегі дайындық шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 15 шілде 1994 ж. N 1801. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.20. N 2585 Жарлығымен.

Республиканың экономикасын мемлекеттік реттеу, Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастыруды жетілдіру мен интеллектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы" 1994 жылғы 6 шілдедегі N 106 - XII қаулысының негізінде қаулы етемін:

1. Қазақстан астанасын Ақмола қаласына көшіруге дайындық жөнінде мына құрамда мемлекеттік комиссия құрылсын:
Макиевский Н.М. - комиссия төрағасы, Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комиссиясының төрағасы.

Комиссия мүшелері:

Браун А.Г. - Ақмола облысының әкімі
Бектемісов Ә.И. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істерінің бас
қаржы - әкімшілік басқармасының бастығы
Бөлекбаев А.К. - Ақмола қаласының әкімі
Досмағанбетов Б.Ф. - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын
үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің
бірінші орынбасары
Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік
жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының
орынбасары
Поляков Р.Н. - Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты
және Министрлер Кабинетінің Шаруашылық
басқармасы бастығының бірінші орынбасары

2. Астананы көшіруге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссия:

- техникалық-экономикалық негіздеменің және қажетті жобалау-жоспарлау мен басқа да құжаттама пакетінің жасалуын ұйымдастыруға кіріссін;
- Ақмола қаласына және оның төңірегіне құрылыс салу мен дамытудың тұжырымдамасын және кешенді жоспарын әзірлесін;
- болашақ астананы жайғастыру кезеңдерін, шет ел инвестицияларын қатыстырудың нақты нышандары мен ауқымын анықтап, оларды тартудың келешектегі салдарын бағамдайтын болсын;
- уақытша схема бойынша Ақмола қаласына мемлекеттік органдарды қайта орналастыру мүмкіндігі туралы кешенді ұсыныстар енгізісін.

3. Астананы көшіруге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияға құрамына тұрақты негізде республиканың қажетті министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының және Ақмола қаласы әкімшілігінің өкілдерін енгізе отырып, жиынтық жұмыс тобы мен жекелеген бағыттар бойынша топтар құру, астананы көшіру проблемаларын пысықтау үшін аймақтардың дамуын жоспарлау жөнінде ғалымдарды, отандық және шет ел сарапшыларын тарту, қажет болған жағдайда тәуелсіз шығармашылық ұжымдар құру және халықаралық конкурс өткізу құқығы берілісін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі күнтізбе жағынан үстіміздегі жылға келетін әзірлік жұмыстарын жүргізуге қажетті қаржы бөлу туралы Құрылыс, тұрғын үй және аймақтарда құрылыс үй салу министрлігінің өтінімін қарастыратын болсын.

5. Құпия.

6. Министрлер Кабинеті мен Алматы қалалық әкімшілігі бір ай

мерзімде "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңның жобасын дайындасын және үстіміздегі жылғы 15 қарашадан көшіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізісін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 15 шілде

N 1801

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК